



Александр БЕК



ҚАҚТЫҒЫС



Әлем
әдебиеті



**Александр
БЕК**



ҚАҚТЫҒЫС

Роман



“АУДАРМА” баспасы
Астана, 2007

ББК 84 (Рос-Каз) 7-44

Б 39

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАФАТ КОМИТЕТІНІҢ “ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ӘДЕБИЕТ ТҮРЛЕРІ”
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Бек Александр.

Б 39 Қақтығыс. Роман. Орыс тілінен аударған *Корік Дүйсеев*.
Астана: Аударма, 2007. – 248 бет.

ISBN 9965-18-196-9

Өткен дәуірдің шындығын суреттейтін “Қақтығыс” романы – орыс жазушысы Александр Бектің сүбелі шығармаларының бірі.

Романда ХХ ғасырдың басындағы ауыр өнеркәсіптің даму жолдары туралы тарихи оқиғалар көркемдік тұрғыда суреттеледі. Сталин және солақай саясатты шебер пайдаланған оның төңірегіндегілердің бейнесі, адамдар арасындағы қақтығыстар шынайы көрсетіледі. Ұсынылып отырған басылым қазақ тілінде тұңғыш жарияланып отыр.

Б $\frac{4702010201 - 194}{00(05) - 07}$

ББК 84 (Рос-Каз) 7-44

ISBN 9965-18-196-9

© Қазақша аудармасы, 2007
Дүйсеев К., 2007

© «Аударма» баспасы, 2007

АЛЕКСАНДР БЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ “ҚАҚТЫҒЫС” РОМАНЫ ТУРАЛЫ

Қазақ оқырмандарына “Арпалыс” романымен жақсы таныс белгілі орыс жазушысы Александр Бек 1903 жылы Саратов қаласында дүниеге келді. Балалық, жастық шағын сол қалада өткізді. Он алты жасынан бастап азамат соғысына, кейінірек Ұлы Отан соғысына қатысты. Соңғы соғыста әскери тілші бола жүріп Берлинге дейін барды. Шығармашылық жолын 1932 жылы бастады. Алғашқы очерктері мен әңгімелері газет, журнал беттерінде жарияланып тұрды. “Курако” деп аталатын тұңғыш деректі повесі 1934 жылы жарық көрді.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ ол соғыс оқиғаларын қағаз бетіне түсірумен болды. 1942 жылы “Дивизия командирінің бір күні” повесін, 1943 жылы “Арпалыс” романының бірінші бөлімін, 1944 жылы екінші бөлімін жариялады. Романның үшінші, төртінші бөлімдері 1959-60 жылдары шықты. Роман тұтасынан 1962 жылы жарық көрді. Белгілі жазушы Анатолий Рыбаков бұл романды қырғын соғыс жайлы ғажап кітап деп бағалады.

1981-82 жылдары, Мәскеу түбіндегі жеңістің қырық жылдығына байланысты, роман (орысшасы “Волоколамское шоссе”) Ресейдің үш баспасынан қатарынан шықты. Романның бас кейіпкері – Бауыржан Момышұлы. Жазушы Отанды қорғаушылардың ерен ерлігін, рухани күш-жігерін, ерлік пен ездік, қаһармандық пен сатқындық, отаншылдық идеяларын, жалпы қиын жағдайлардағы адам психологиясын, соғыс философиясын Бауыржан Момышұлының әңгімелеуімен береді. А. Рыбаковтың айтуы бойынша роман кезінде Сталиндік сыйлыққа да ұсынылған, бірақ әр түрлі себептерден өтпей қалған.

Александр Бектің бұдан кейінгі шығармалары: “Өмірдің жаңа қырлары” (повесть, 1951ж), “Бережковтың өмірі” (роман, 1956ж.), “Жастар жолы” (Н. Лойкомен бірігіп жазған роман), “Өмір соқпақтары” (1965ж.), “Пошта прозасы” (күнделіктер кітабы, 1968ж.), “Дәуір суреттері” (Роман-эссе, 1972ж).

Жазушының өз сөзімен айтсақ, оның өмірінің ең басты шығармасы – “Қақтығыс” романы (1960-64 жылдары жазылған). Бірақ оның өмірге жолдама алуы өте қиынға түсті. Сталиндік дәуірдің шындығын жазғаны үшін мемлекеттік аппаратта және басқа да көптеген орындарда отырған кейбір сталиншілдер әр нәрсені сылтау етіп, романның жарық көруіне кедергі жасаумен болған. Оның қандай қиындықтарды бастан кешіргенін сезіну үшін жазушының өзіне, оның осы жайындағы күнделік жазбаларына сөз берейік.

1964 жыл, қазан айының 14-жұлдызы

Сонымен романды редакцияға тапсырдым. Таңертең маған “Новый мир” журналының проза бөлімінің меңгерушісі әрі редакция алқасының мүшесі Евгений Герасимов телефон соқты.

– Сізге өзім келем, қолжазбаңыз дайын ба? – деді.

– Дайын, – дедім мен. – Алуыңызға болады...

Дегің десем де, осы сөздерді бір түрлі қимастық сезіммен айттым. Күндер мен түндер, айлар мен жылдар бойы жан серігің, сырласың болған, сонау мысқалдай күйінен бетіне бет, тарауына тарау қосыла келе өзіңше бір тұтас дүниеге – өміріңнің басты кітабына айналған төл дүниең кенет өзіңнен алыстап, өзіңше жол іздеп, өзіңше өмір сүруге бет алған сәтте осындай тебіреністі күйге түседі екенсің.

... Амал қанша, енді үстел үстін жыныстыруға да болады. Әлде қалай қалып қойған алғашқы нұсқаларды, жол-жөнекей қыстырған қосымша беттерді, жеке-жеке сөз тіркестері мен сөйлемдер жазылған қағаздарды асықпай отырып жыртасың.

Міне қолыма мына бір қағаз түсе кетті. Бұған роман аттары жазылған. Мен бүкіл жазу барысында романды бірнеше ат қойғам. Мені бұған кезінде бір білікті кісі үйреткен еді. Ойыңа келген тәуір аттарды жазып отыр, тіпті тәуір болмаса да жаза бер, сосын ұнамағандарын сызып тастап отыр, содан әйтеуір бірдеңе шығады деген. Тура солай жасағанмын. Қойған аттарымының бәріне күдіктене қарап, ақыры романыма “Қақтығыс” деген ат қойдым (қарама-қайшылықтар қақтығысы деген мағынада). Мүмкін онша сәтті де емес шығар. Бірақ бұл мені өзінің дәлдігімен қызықтырды. Қақтығыс, қарама-қайшылықтар қақтығысы – бұл емдеу ғылымы саласына И.П.Павлов ендірген атау. Ал оны кәдімгі тұра мағынасында алсақ – айқас, шайқас, теке-тірес, өліспей беріспеу деген сөз.

Сол күннің кешінде

Күтпеген оқиға болды: күндіз қолжазбамды редакцияға өткізген едім, кешке қарай Хрущев орнынан түсті, қызметінен тайдырылды деген таңғаларлық хабар естідім.

Несі бар, бұл оқиға мына шығармаға тағы бір қосымша сын болар, уақыт оны әлі де талай тезіне салар деп ойладым.

1964 жыл, қазан айының 28-жұлдызы

“Новый мир” журналының қызметкерлері романды жақсы қабылдады. Герасимов мәселен былай деді:

– Көзіңізге мақтамай-ақ қояйын. Бір сөзбен айтсам, дүниеңіз сәтті шыққан. Жаңа характер жасап, сол арқылы уақыт мінезін көрсете білгенсіз. Бар айтарым осы ғана. Қолжазбаңызды басқа редколлегия мүшелеріне бердім. Оны бірінші нөмірге дайындаймыз, жаңа жылды сіздің романыңызбен ашақызыз...

Проза бөлімінде роман Ася Берзерде де болыпты. Ася Берзер – оңі әрқашанда боп-боз, сырт көзге әлжуаз көрінетін кішкентай ғана әйел. Бірақ еркек мінезді, пікірін ашық та тура айтатын батыл адам. Міне сол Ася Берзер:

– Қолжазбаңызды қызыға оқып шықтымы, көп нәрсе байқадым, – деді.

Оның “қызыға оқып шықтымы” дегені – үлкен баға бергені.

– Бас қаһарман жөнінде не айтар едіңіз?

– Бас қаһарманыңыз – мұқият орындаушы. Тіпті орындау ісінің құлы деуге де болар. Бірақ сіз оған: “Қандай орындаушы, қараңызшы!” деп тамсанып отырсыз. Қалтқысыз орындаушылар заманының белді өкілі. Ал одан жоғарыда қаһарын төккен Сталин тұр, Берия тұр.

1964 жыл, қарашаның 2-жұлдызы

Романды оқып шығуға достарым мен кейбір жақын таныстарыма бердім. Пікірлері жақсы. Анатолий Рыбаков:

– Тамаша. Ол өзі бет-жүзіне қарамай ашық сөйлейтін адам. Мінезді кісі. Шығарман туралы не ойласа да тікесінен айтып салады. Маған оның таланттылығы мен турашылдығы ұнайды. “Новый мир” журналының таяудағы нөмірінің бірінде оның “Сосняки жазы” деп аталатын повесі шығу керек. Дүние! – деді.

Ол туралы маған жазушы көптен бері айтып жүретін.

1964 жыл, қарашаның 20-жұлдызы

Менің қолжазбамның алаңсыз өмірі аяқталған сияқты.

Ол міне былай басталды.

Қолжазба бір күні бас редактордың орынбасары Александр Григорьевич Дементьевтің қолына тиеді. Бірақ оқып шығуға уақыты бола қоймайды. Бір күні мен оны телефон арқылы ұстадым.

– Сейсенбі күні түстен кейін кіріп шығайын, – дедім мен оған.

Келісілген уақытта мен оны күтіп отырдым. Бір кезде ол Твардовскийдің бос тұрған кабинетіне қарай өтіп кетті: кабинет иесі Мәскеуде емес еді.

Сол кабинетке редколлегия мүшелері жинала бастады. Бұлар журналдың негізгі ауыртпалығын мойындарымен көтеріп келе жатқан нағыз еңбеккерлер еді. Бұрын “Новый мирдің” редакциялық алқасы басқа журналдардағы сияқты өңкей ығай мен сығай, атақты адамдардан тұрушы еді. Мәжілісті біреулер өткізетін, ал жұмысты басқалар істейтін. Мұндай тәртіпті келеңсіздік деп тапқан Твардовский істі мүлде басқаша құрды: нағыз еңбек етіп жүрген журнал қызметкерлерінің аты-жондерін басылымның бетіне жариялап отырды.

Жиналғандар біраз үнсіз отырып қалды.

Бір кезде Дементьев маған қарай бұрылып:

– Сіз бізге не бергенсіз? – деді.

– Не бергені қалай? Роман бердім емес пе?

– Сіз мұнда кімді бейнелегенсіз?

– Сондай да сұрақ бола ма екен?

– Болады, қымбаттым, болады. Мәселе мынада: Тевосян деген геройыңыздың жесірі сіздің романыңызда оның марқұм болған күйеуі бейнеленген деп арыз жазды.

– Менің қаһарманым тіпті де Тевосян емес қой. Дәл мына сізге көркем образ дегенің не екенін түсіндіріп жатуым күлкілі болмас па еді?

Бірақ Дементьев сөзге құлақ аса қоймады, тым шығандан кетті. Мен, әрине, қайран қалдым. Арыз жазған жесір әйелдің қылығына емес-ау, мына, Дементьевтің екіленген шабуылына таңмын. Есі бар адам сияқты еді, бұған не болған деп ойлады. Мұны тұғырынан кім тайдырып жіберді екен? Мұның сырын қалай білуге болар екен?

1965 жыл, қаңтар айының 28-жұлдызы

Алдыңғы күні Симоновта болдым... Оған әсіресе Сталиннің бейнесі ұнады. Описимовтың бейнесі де сәтті шыққан, маңызды тұлға деп тапты.

– Академик те сенімді жасалған. Дәл сондай адамдар болғанына қалтқысыз сенесің, – деді. Оның әсіресе сол академик

туралы ойлай тұрып (әңгіме Чельшиев жөнінде): Тіпті сол кездің өзінде де тура Сталиннің өзіне “Жоқ!” деп айтатын адамдар болған екен-ау, – дегені есімде қалып қойды.

Оның сөз ырағынан өзіне қатысты бірдеңе байқалғандай болды. Менің білуімше Константин Симонов қанша оқталса да ондай әрекетке бара алмаған зой. Сол үшін ол өзін едәуір айыптап та жүрді. Бұл жағдай ұзақ уақыт бойы оның жанын жегідей жеді.

Романды Твардовский де оқып шығып мақұлдайды. 1965 жылдың алтыншы шілдесінде қолжазба теруге жіберіледі. Келесі күні Бек күнделігіне: “Романның “Қақтығыс” деген аты өзгертілді. Редакция оны “Новое назначение” – “Жаңа қызметке дайындау” – деп атауды ұсынды”, – деп жазады. (Бұл аудармада романның авторі өзі қойған “Қақтығыс” атын сақтадық. – Аудармашы.)

Бірақ шілденің 31-інде жазушы “Новый мир” редакциясынан мынадай мазмұнды хат алады: “Жоғарыдан бізге Тевосянның жесірінен тағы арыз келіп түсті. Онда романның қайта қаралған нұсқасына да қарсылық білдірген. Сондықтан оның басылуы кейінге қалдырыла тұрады”.

Жазушының бұдан кейінгі күнделік беттері “жоғарыдағылардың” әділетсіз қысымына деген күйініш пен ашу-ызаға толы.

Біз осы жерде өзінің “Знамя” журналындағы бас редакторлық қызметін ең алдымен “Қақтығыс” романын жариялаудан бастауды жөн көрген Григорий Баклановтың сөздерін келтіре кетуді орынды деп санаймыз. “Біз романды баспаға дайындап жатқан кезде, – дейді ол өзінің “Огонек” журналының тілшісімен әңгімесінде, – әлгі әйел ұйымдастырған топ арада жиырма жыл өткенде, өздерінің де соншалық қартайғандарына қарамастан, бізге тағы да бұрынғы әдістерімен қысым жасауға тырысты, романды өздеріне қайтадан қарап шығуға беруді талап етті. Біз оларға қазір тіпті басқа уақытта, конституциялық мемлекет жағдайында өмір сүріп отырғанымызды, барлық азаматтарға ортақ заң дегеннің бар екенін, авторлық құқық дегеннің бар екенін және кім-кім де болса сол құқықтарды құрметтеуге тиіс екенін айтып түсіндіруге мәжбүр болдық. Тіпті редакция қалаған күнде де автордың рұқсатынсыз қолжазбаны жеке адамдарға таныстыруға құқылы емес екендігін ұғындырып бақтық”.

Бірақ сонау 1965 жылдары айдан анық бұл ақиқат ешкімнің құлағына кіре қоймады. Александр Бектің соңғы жылдары оның

өмірінің ең бір ауыр кезеңіне айналды. Нағыз “азапты сапарды” бастан кешірген жазушы романды қуғын-сүргіннен құтқаруды сұрап шағынумен болды.

Сол кездегі “Новый мир” журналына академик-металлург, Социалистік Еңбек Ері А.И.Целиковтың пікірі келіп түседі, онда ол романды “өте сирек кездесетін дүние”, ол нағыз өмір шындығына құрылған деп жоғары бағалайды. Кітап тағдыры Мәскеу прозашыларының шығармашылық бірлестігі бюросында да талқыланады. Олар Бектің жаңа романына әбден тәнті болады, оның жарық көрмей отырғанына үлкен наразылық білдіреді. Мәжіліс стенограммасы Баспасөз мәселелері жөніндегі Комитет пен Жазушылар одағының басшыларына жіберіледі.

1966 жылдың 17 қаңтарында А.Бек өзінің Жазушылар одағының хатшысы Г.М.Марковпен кездесуінің нәтижесі жөнінде былай деп жазады: “Мен оған кірген сәтте-ақ ол маған:

– Бүкіл бұл оқиға тарихында мен Сіздің жағғыңыздамын, – деді. Ал роман туралы: – Мұнда біздің ерлік тарихымыз да, қайғы-қасіретіміз де жатыр. Мұны қалайда басып шығаруымыз керек және тез басып шығаруымыз керек – деген кесімді пікірін айтты.

1969 жылғы қаңтар айының 16-жұлдызы

Кеше “Новый мир” редакциясында болдым. 12 нөмір тағы шықпай жатыр. Менің байқауымша романды тұншықтыру әрекеті әлі де жалғасуда. Ал редакцияның көрген күні күн емес...

Кейінірек жазушы көрген азаптардың сыры да ашылды. А. Бек күнделіктерінің арасынан бір құпия хаттың көшірмесі табылды. Жоғарыда өте құпия түрде қолдан-қолға көшіп жүрген сол хатта былай деп жазылған: “Сөз жоқ, роман қуатты да тәжірибелі қолдан туған. Бірақ оның негізгі концепциясымен келісуге болмайды. Романның түйініне қарағанда Сталинмен қызметтес болып, оған сенгендердің бәрінің болашағы жоқ, олар түгелінен біткен адамдар... Бұл ой негізінен Онисимовтың бейнесі арқылы берілген. Ал еліміздің болашағы кімдер? Олар, жазушының пайымдауы бойынша, көсемнен неғұрлым алысырақ тұрып, оған күдікпен қараған адамдар. Мұндай көз-қараспен келісуге бола ма?..”

Аты шулы роман жазушының көзі тірісінде 1971 жылы шетелде басылып шықты. Содан кейін ол көптеген халықтар тілдеріне аударылды. Өмірінің ең басты кітабын өз елінде, өз

тілінде көре алмауы жазушыға өте ауыр тиді. Ол 1972 жылы Мәскеуде қайтыс болды. Роман Кеңес Одағында тек 1986 жылы ғана жарық көрді. Содан кейін баспалар романды бірінен соң бірі шығара бастады. Біздің республикамызда роман 1987 жылы “Жазушы” баспасынан орыс тілінде шықты. Ұсынылып отырған басылым қазақ тілінде тұңғыш жарияланып отыр.

*Алғы сөзді Интернет материалдары
және жазушының күнделігі бойынша
дайындаған **Корік Дүйсеев.***

Александр Леонтьевич Онисимовтің өмір жолын зерттей келе, оны азды-көпті білетіндермен әңгімелесе келе менің көңілге түйгенім мынау болды: оның басқа қызметке ауысатындығы туралы алғашқы алып-қашпа сөздер 1956 жылдың жазында-ақ тарай бастаған.

Бірақ бұл ілкіде жай қауесет қана болып шықты. Күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатты, ал Александр Леонтьевич Комитет басшысы болып қала берді. Әйтсе де қыркүйектің ішінде Онисимовтің көмекшілері мен хатшылары ол жөнінде (сол кездің сөз саптауымен айтар болсақ) шешім қабылдалғанын, бұдан былай бастықтарының елшілік қызметке ауысатындығын, таяуда оның Солтүстік Еуропа елдерінің біріне кететінін білді. Енді мұны әркім-ақ айта бастады.

Көп адам осылай деп жүрді, ал Онисимовтің өз аузынан ондай сөз шыққан емес. Ол кәдімгі әдеті бойынша күн сайын таңертенгі дәл сағат тоғызда Министрлер Кеңесі үйінің екінші қабатындағы кабинетіне келіп кіреді. Оның келу сәтіне үстел үстінде қажетті ақпарлар: қара металлургия мен түсті металлургия зауыттарының жұмысы туралы, мұнай мен көмір өндірудің барысы жайындағы тәуліктік мәліметтер жатады. Бөлмеге кіргесін отырғышы жасанды терімен қапталған қатқылдау емен креслоға жайғасады да көзілдірігін киеді (соңғы кездері бірдеңе оқығанда ол көзәйнек пайдаланатын болып жүр). Көзілдірігін кигенде көп жылдар бойғы шала ұйқының белгісіндей болып қалған көзінің астындағы болмашы қара көк әжімдері аздап бой тасалайды. Салған жерден-ақ айта кетсйік, Александр Леонтьевич жаратылысында келбетті кісі – орта бойлыдан жоғары, бет пішіні тастан ойып жасалғандай мінсіз-ақ, тек үстіңгі ерні ғана аздап батыңқы әрі келтелеу. Жирен шашының о жер бұ жеріне аздап ақ кірген. Шаштарын шекесінің сол жағын ала түп-түзу етіп екіге жарып қойған.

Ол сәл еңсейіңкіреп алдында жатқан қисапсыз сандарға үңіледі. Аздап сарғыш тартқан аппақ кішкене қолымен кей сандардың астын тағатсыздана сызып қояды. Арықша саусақтарынан аздаған діріл байқалады. Бірақ ол қарттықтан емес – жасы елу төртке енді ғана толып отыр. Сонда да болса осы дірілдің пайда болғанына біраз жылдың жүзі болып қалды. Бірақ ол жай уақытта көп біліне бермейді, тек Александр Леонтьевич бір нәрсеге күйініп, күйзелген сәтте ғана едәуір күшейе бастайды.

Бір ғажабы-медицина осы ауруға келгенде дәрменсіз болып шықты – оны емдеудің жолын таба алмай-ақ қойды. Оның үстіне Александр Леонтьевич те дәрігер десе аттонын ала қашады, олардың айтқандарын орындап, мұқияттылық көрсетіп жатпайды. Дірілдесе дірілдей берсін, одан келіп-кетіп жатқан ештеңе жоқ деп қолын бір-ақ сілтеп жүре береді. Шынында да осы саусақтарының дірілі оның маржандай тізілген әдемі көркем жазуына ешқандай да нұқсан келтірген жоқ, әлі сол баяғы қалпы. Бұлайша жазуды ол сонау жасөспірім шағында-ақ үйренген болатын. Соның арқасында кәсіптік училищенің бесінші класынан бастап тиын-тебен тауып күн көргені де бар. Міне қазір де оның қағазға түсіріп отырған белгілері соншалық айқын, ал қарындашының ұшы найзаның сүңгісіндей үшкір де қатқыл.

Сол қолын ауық-ауық үстел үстінде жатқан сигарет қорабына қарай созып қояды. Екі көзі қағазда. Қағазға қарай отырып шылымын тұтатады. Тұтанған шылымды түтінін будақтата отырып қомағайлана сорады. Ол темекі тартуды әбден есейген шағында, тағдыры талқыға түскен 1938 жылы бастаған еді, содан бері оны қанша тырысса да тастай алмай-ақ келеді.

Әлі сөне қоймаған темекі тұқылы күлсалғышта жатыр, ал Онисимов келесі сигаретті тұтатады. Темекісін тарта отырып, мәлімет қағаздарына одан әрі шүкшияды. Бірақ ол қағаз оқып, сан қуалаумен әсте қанағаттанбайды. Жылдар бойы қалыптасқан әдеті бойынша вертушка арқылы (вертушка деп айрықша үкіметтік байланыс жүйесіне қосылған телефонды айтады) қарамағындағы министрлермен, Бас басқарма басшыларымен байланысады. Бірақ ол мұнымен де шектелмейді, үстел ернеуіндегі қоңырау нүктесін үсті-үстіне шыдамсыздана басады. Есіктен жүгіре

кірген хатшыға пәлен зауытпен байланыстыруды, телефонға директорды немесе цех бастығын шақыруды, кейде тіпті олардан кейінгі қызметшілердің бірімен қосуды сұрайды. Тікелей солардың өздерінен министрліктер берген мәліметтердің дұрыс-бұрыстығын анықтайды. Істі бақайшығына дейін анықтау, оны кімнен де болса артық білу, ешқандай сөзге де, қағазға да сенбей қайта тексеріп отыру – оның қашаннан бергі өмірлік қағидасы. Оған қоса бүкіл аппаратты барынша іске жұмылдырып, әр қызметкерді шыыршық аттырып ұстау – оның және бір әбден қалыптастырып, жолға қойып алған жұмыс әдісі.

Сөйтіп Александр Леонтьевич тәуліктік мәліметтермен танысып болды, жеделхаттарды да қарап шықты. Әр бетіне КСРО Министрлер Кеңесінің Металлургия және отын істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы деп жазылған алдындағы табақтай блокнотқа бірнеше сөз түргіп қойды.

Бұл істермен ол күні бойы жұмыс барысында айналыспақ. Сосын ол суырмадан қомақты папка алып шықты. Ол металлургияға автомат жүйесін өндіру жөніндегі материалдар жиынтығы болатын. Мұнымен ол біраздан бері айналасып келеді. Енді ол тағы да жабдықтарды жеткізу, оларды құрастыру, іске қосу, игеру жұмыстарының барысымен танысады, тағы да талай жерге телефон соғады, майда-шүйдеге дейін анықтайды, Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Машина жасау министрліктерін тақымдай түседі, көмекшілерін шақырып тиісті тапсырмалар береді.

Онисимов кабинетінің бір жақ қабырғасын тұтас дерлік кітап сөресі алып тұр. Оның жанына, сәл берірек жерге, үлкен дөңгелек үстел жайғасқан. Кітап сөресіне техникалық энциклопедия томдары, қара және түсті металлургия, минералдық отын, химия, геология анықтамалықтары және тағы басқа сол сияқты жұмысқа қажетті әдебиеттер қойылған. Ал үстел үстінде мұқият қатталған бірнеше газет үйінділері жатыр. Олар негізінен Донбасс,

* Кітаптағы кейбір мекемелердің аты сияқты Комитет аты да ойдан шығарылған. Оның кейіпкерлері де, тарихи есімдерден басқалары, жинақталған образ болып табылады. Оған қоса романда әңгіме болатын аурудың кейбір белгілері де өзгертіліп алынған. – *Автордың ескертпесі.*

Орал, Терістік Кавказ, Сібір мен Қиыр Шығыс сияқты аса ірі өнеркәсіп аймақтарының басылымдары.

Онисимов, әдетте, “Правда” газетін таңертең, темекісін тарта отырып үйінде оқып шығады. “Известия” мен “Комсомольская правданы” жол-жөнекей машинада келе жатып қарайды. Астаналық басқа газеттермен кеңсеге келгесін танысады. Ал жергілікті газеттерді Онисимовтің хатшылар тобы мұқият қарап, осы керек-ау деген материалдарды түрлі-түсті қарындаштармен сызып, белгілеп қояды. Олардың жанында Ғылым Академиясының журналдары мен Хабарлар тарату институтының шетелдер журналдарынан аударған мақалалары, металлургия, көмір өнеркәсібі баспаларының жаңа басылымдары жатады. Және бірде-бір кітап, бірде-бір журнал Онисимовтің өз рұқсатынсыз үстелден әкетілмейді.

Ол орнына тұрып сол үстелге қарай беттеді. Еденде бұдырға кілем жоқ – кісі тайып жығылардай жалтырап жатыр. Бұл да Онисимовтің өз бұйрығы бойынша жасалған. Кілемді сән-салтанат бұйымы деп есептейтін ол, оны өз бөлмесіне төсетпестей қойды. Міне сол айнадай жалтыраған паркет үстімен келе жатып, ол екі үстел аралығында сәл кідіріс жасады. Өзі ой үстінде. Бой-сойына онша жараса қоймайтын қысқалау мойны екі иығының арасына кіріп, әдеттегісінен де шөгінкіреп кеткендей. Әсіресе орнында отырғанда оны бүкір ме деп қаласың. Бірақ ол тіпті де бүкір емес, жүрісі түп-түзу, аяқтарын байыпты да нық басады. Мына тұрысында ой-қиялы тым алысқа кеткен. Өзін-өзі ұмытып, басын салбыратып, төмен қарап, сұлық тұр. Оның дәл осындай күйде тұрғанын хатшысының да екі-үш рет көргені бар. Әрине, үлкен қызмет адамының бір сәт осылайша күйбең тіршіліктен арылып, терең ойға шомып, өз саласының болашағына көз жіберуге ұмтылуы заңды да табиғи нәрсе. Бірақ соңғы кездері оның орнына Онисимовтің ойына көбіне өткен-кеткеннің кейбір көмескі көріністері жиі оралып, қатты мазалайтын болып жүр.

Міне ол сол күйі әлі тұр. Үстінде қара ала костюм (ол өне бойы осындай костюммен жүреді), жағасы қақиған ақ көйлек, мойнында қара сұр галстук. Оны осылайша көрген ұлы Андрюша бірде оған: “Әке, сен осы күйінде түп-тура Диккенстің романындағы кеңсе қызметкеріне ұқсайсың,” – дегені бар.

Онисимовтің мұңға толы көкшіл көздері бір сәт алдындағы дөңгелек үстелге ауды. “Осының бәрі неменеге керек?” – деп ойлады ол. – Мәселен мына кітаптар: “Скважиналарды бұрғылау”, “Магнит күшімен байыту”, “Трубаларды балқытып-дәнекерлеу станы”? Немесе мына “Көмір” журналының соңғы саны? Бүгін-ертең осының бәрі жайына қалмай ма? Тіпті мына қызметпен де, мына кабинетпен де қош айтыспай ма?”

Кенет ол ұйқыдан ояңғандай селт етіп, тез серпіліп, ерік күшін бойына қайтадан жнып алды. Орнына барып отырып, көзілдірігін киді, алдында жатқан газеттерді өзіне жақындатып, жұмысына кірісіп кетті.

Қызметкерлерінің қайран қалмасқа амалы жоқ – Александр Леонтьевич әлі сол баяғы қалпы: өткір де өктем, қатал да талапшыл. Жеделдігін де бір мысқал жоғалтқан жоқ. Жиналыстарын да бұрынғысынша уақытысында өткізіп, әр істің байыбына бармай байыз таппайды. Күнде келіп жататын арнаулы әдебиеттермен танысудан да бас тартқан емес. Жетіжылдық жоспар нұсқасын жасауға да белсене кіріскен: қашан көрсен де әр цифрдың дәйектемелерін мұқият тексеріп отырғаны. Құдды осы қызметте әлі талай жылдар бойы істей беретін сияқты.

... Уақыт өтіп жатты, ал қашан көрсен де бойын күтін ұстап, тап-таза, мұнтаздай болып жүретін Комитеттің қатаң басшысы бойынан кереметтей қуат-жігер шашып, бүкіл аппаратын бір шыбықпен айдап, өзі жанын сала сүйіп істейтін қызметін көңілдегідей атқарып жүре берді.

Тек қоңыр күзде ғана, Қазан төңкерісінің отыз тоғыз жылдық қарсаңында Онисимов көптен күткен қағазын алды. Конвертті дереу ашып жіберіп оқып шықты. Өзі ойлағанындай-ақ өтініші орындалмапты. Ол Орталық Комитеттен өзінің балқытушы-инженер мамандығы бойынша кез келген жұмысқа жіберуін сұраған еді. Ал мына хатта оның бүгіннен бастап Сыртқы істер министрлігінің қарамағына жіберілгені хабарланыпты.

Бұл кабинетке ол енді қайтып оралмайды. Сондықтан барлық істі тап-тұйнақтай етіп өткізуі керек. Соңғы міндет, соңғы парыз осы. Осыған бекінген ол тағы да біраз істермен айналысты, о жер бұ жерге телефон соқты, біреулерді асықтырып, соңғы нұсқаулар берді.

Сосын аз-кем үнсіз отырып, темекі тартты. Тағы да телефонға қол созды. Басшыларға істі өткізетінін хабарлауы керек.

Онисимов вертушкамен Министрлер Кеңесі торағасының орынбасары Тевосянға шықты.

– Иван Федорович, өзім жөніндегі шешімді алдым. Істерімді де реттеген сияқтымын. Рұқсат болса жүруге дайынмын.

Көптен бері жолдастық қарым-қатынастары бар ол екеуі бір-бірімен “сен” деп сөйлесетін.

– Жолыңыз болсын, – деді оған Тевосян. – Жаңа басшыларыңа қашан жолықпақсың?

– Қарсылық болмаса, тура бүгін жолықпақпын.

– Бүгін дейсің бе? Неге асығасың?.. Дегенмен оның да жөн шығар, бір жағынан кешікпегенің де дұрыс.

Сабырлы да салмақты айтылған осы сөздерден Онисимов достық ниетпен жеткізілген кеңеспен бірге н ұ с қ а у да жатқанын ұққандай болды. Одан әрі Тевосян кейбір жұмыс мәселелерін қозғап, Онисимовтің жауаптарын тыңдады.

– Кеткеніңе дейін жолығармыз. Ұмытпа, телефон соғып тұр, – деді ол сөзінің соңында.

Сөйтіп әңгіме бітті. Александр Леонтьевич жазу үстелі мен кабинетін ойлы жүзімен тағы бір шолып өтті.

Осымен болған шығар. Орынбасарға өткізер істерінің бар нобайы айқын. Бүгінгі атқарылары да, кейін істелетіндері де күдік туғызбайды. Бірақ кереметтей маңызды болмағанымен, үкімет жарлығына енбегенімен, бұл үшін аса қажетті және бір іс бар. Ол... Онисимовтің сана-сезімін өткеннің тағы бір көрінісі шарпып өтті. Оның көз алдына Петр Головняның, басқаша айтқанда кіші Головняның орақ мұрынды қоңырқай жүзі келе қалды. Еріндерінің бітімінде қайсарлық нышаны бар, бет сүйегінің астында бармақ басындай без ойнақшып тұр – сонау 1952 жылдың әйгілі шілде түніндегі мәжіліс үстінде Онисимовті әшкерелеу сәтіндегі әлгі Головняның бейнесі әлі күнге дейін оған осылай елестейді. Сонда Онисимов те күрт кетуге мәжбүр болған. Әйтсе де соған назар аудармаса да болар еді. Бірақ сол оқиға қайта-қайта ойына еріксіз орала берді. Және күтпеген жерден сөйтеді. Міне Петр Головняның сол түнгі тұнжыраған қабағы мен ежірейіп, октай қадалған

көздері тағы елестеп отыр. Және бұл бірінші рет емес. Дегенмен Александр Леонтьевичтің осы инженер-домнашы алдында өзгеге белгісіз, тек оның өзіне ғана мәлім парызы бар сияқты болады да тұрады. Ар-ождан парызы ма, қалай...

Бірақ қазір Онисимовтің ешкімге Комитет басшысы ретінде бұйрық беруге хақысы жоқ. Сондықтан ол аз-кем іркіліп қалды. Сосын трубканы көтеріп, Машина жасау министріне телефон соқты, Курако зауытына арналған аса қуатты ауа үрлегіштің қалай жасалып жатқанын сұрады. Министр мән-жайға әбден қанық болатын. Ол сол зауыттың директоры – кіші Головняны да жақсы білетін. Ескі Кураковканың аядай мекен-жайына қона кетуге қолайлы, көлемі шағын, бірақ аса қуатты машинаға сұрау салушы да сол екендігінен хабардар еді. Комитет төрағасы керекті мәліметті қолма-қол алды, тапсырыс график бойынша жасалып жатыр, бір ай шамасында құрастыру жұмыстары басталады, сосын сынауға кірісеміз, деді министр.

– Бұл істі өз бақылауына ал, – деді Онисимов, – мерзімінде бітіруге тырыс, уақтылы жөнелт. Құрастыруға да ең жақсы монтажшыларыңды жібер.

– Құп болады, Александр Леонтьевич! Бәрін жазып алдым, еш алаң болмаңыз.

– Ұятқа қалдырма. Мен үшін бұл ар-ожданымның ісі. Мүмкін таяу күндері жүріп те кетермін...

Министр бұған таңдана қойған жоқ. Тек қысқа ғана: “Иә, иә”, – дей берді. Соған қарағанда мұның жүретінін де, қай елге баратынын да білетін сияқты. Александр Леонтьевич сөзін одан әрі жалғастырды:

– Бәрін ойдағыдай жасауға тырыс. Сапасына, мерзіміне, тағысын тағыларға мұқият бол. Бұған сен менің жеке өтінішім деп қара.

– Мақұл! Міне, үш леп белгісін қатарынан қойдым, Александр Леонтьевич!

Бұл әңгіме Онисимовтің өз кабинетінен, дұрысын айтсақ, енді бұрынғы кабинетінен ең соңғы рет сөйлесуі еді.

Сосын ол қоңырау тетігін басты. Бөлмеге хатшылар тобының жетекшісі Серебрянников келіп кірді. Аласа бойлы ғана, тақырбас, арықша келген кісі. Аяғын ептеспасып, инабатпен үстел жанына келіп тұрды. Онисимовтің

хатшысы болып істегеніне жиырма жылға таяп қалған. Александр Леонтьевичпен бірге осында, Министрлер Кеңесінің үйіне ере келген. Бастығының көңіл-күйін айтпай түсінетін, бәрін де қас-қабағынан ұғатын жағдайға жеткен. Жауапты қағаздың қандайын болса да соншалық шебер дайындай біледі. Реті келгенде бастығына да кейбір істің жөн-жосығын жымын білдірмей айтып жібереді. Бір сөзбен айтқанда іздесең де таптырмайтын нағыз көмекшінің өзі.

Александр Леонтьевич орнынан тұрып.

– Өзімді таныстырып қоюға рұқсат етіңіз, Тишландиядағы Кеңес үкіметінің елшісі Онисимов, – деді.

Ол тіпті мына жағдайдың өзінде де осылайша әзілдеп, өзі баратын елді Тишландия деп атады. Бірақ ол сол сәтте көмекшісіне әлгі елдің шын атын да айтып берді. Оның осы тапқырлығын пайдаланып, біз де сол елді бұдан былай Тишландия деп атай бермекпіз.

Онисимов енді кәдімгі әдетіне басып бірден іске көшті:

– Отыр. Мен сенің алғашқы кезде маған көмектескеніңді қалар едім. Менімен бірге жүруге қалай қарайсың? – деп сұрады.

Серебрянников отырмады. Шарасынан шығыңқылау көкшіл көздерін кішіпейілділікпен төмен қаратып тұра берді. Осы тұрысының өзінде де инабаттылық, ізеттілік бар еді. Онисимов оның ойын бірден түсінді.

– Осы да жетер, жақсы күйімізде жөнімізді табайық та деп тұрсың ғой, – деді.

– Менің ойымша, Александр Леонтьевич...

– Сенің ойыңша сенің Мәскеуде қалуың маған анағұрлым пайдалырақ болар еді демексің ғой.

Серебрянников шынында да Онисимовке осыны айтпақ еді, түп-тура осы дәлелді келтірмек еді. Бірақ бұл дәлел ғана ма? Хатшылар тобының жетекшісі шынтуайтына келгенде былай ойлады. Әрине, өзгерістер кезеңі туды, бұл түсінікті. Қызу үстінде қызметінен аласталған Александр Леонтьевичтің ауыр өнеркәсіпке қайтып оралмасына кім кепіл? Сондықтан Онисимовке шын берілген Михаил Борисович Серебрянниковтің әзірше осында қала тұрғаны абзал. Қажетті кезінде Александр Леонтьевичке, әлгі өзі айтқан Тишландияға хат жазып тұрады. Бұрынғы Комитет басшысының тапсырмаларын, өтініштерін орындайды. Ал егер жағдай басқаша қалыптасса, Онисимов ауыр

өнеркәсіпке қайтып оралмайтындай болса, – онда амал қанша, Серебрянниковтің ары таза, оның Александр Леонтьевичтің алдында да ешқандай кінәсі жоқ.

Ауызша айтылмаған осы сөздерді оймен ұққан Онисимов көңіліне келе бастаған күдігін серпіп тастады. Дегенмен оның жоғарғы қысқалау ерні ақсия ашылып, астындағы маржандай тістері анық көрінді. Бұл оның ашуланғандағы күйі. Қарамағындағылар мұны жақсы біледі. Мұндайда ол бетің бар, жүзің бар демей ащы да уытты тілімен кесіп түседі. Бірақ бұ жолы өйтпеді. Жалма-жан алдындағы темекіге ұмтылып, сіріңке жақты. Бірақ саусақтарының дірілінен шылымын тұтата алмай әуре болды. Тіпті болмағасын қолын күйдіріп бара жатқан сіріңке шиін лақтырып жіберді. Ашуға басатын реті келіп-ақ еді, бірақ ол өзін-өзі тежеп, ұстап қалды.

– Жүре бер, – деді ол көмекшесіне. – Тек маған екі қалың дәптер беріп жібер. Сенен маған басқа ештеңе де керекті жоқ.

2

Александр Леонтьевич тамақтанып отыр.

Үлкен, жалпақ терезеге екі қабат перде ұсталған. Сыртқысы ауыр, қызғылт матадан жасалған да, ішкісі үлбіреген ақ жібек матадан тігілген. Екі жаққа жиырылып қойылған қос перденің арасынан көшенің көмескі сәулесі ішке түсіп тұр.

Ортада ақ дастарқан жабылған үлкен үстел. Үстелдің екі жағына он екі орындық қойылған. Орындықтардың бәрі де ақ матамен қапталған. Паркет төселген еден де, ыдыс-аяқ қойылған буфет те ине-жіптен жаңа шыққандай жалт-жұлт етеді.

Бірақ ас ішетін бөлмеде үй иесінің қолтаңбасын көрсетерліктей ештеңе жоқ. Басқа бөлмелерде де солай. Қонақ қабылдайтын бөлмеде үлкен күйсандық тұр. Күйсандық та, оның жанындағы кресло да ана бөлмедегі орындықтар сияқты матамен қапталған. Бұл бөлмеге тіпті апталар бойы ешкім бас сұқпайды. Мұндағы көздің жауын аларлықтай гүлсауыттары қаншама жылдардан бері гүл көрмей-ақ келеді.

Мәселе, сірә, Александр Леонтьевичтің де, оның жұбайы Елена Антоновнаның да (Елена Антоновна КСРО

еңбек резервтерін дайындау Басқармасында басшылық қызметте істейді) үй шаруашылығы мен тұрмыстық игіліктерге деген самарқаулығында жатқан сияқты. Олар осы пәтерге кіргенде ішіне алдын ала жиһаздары да қойылған екен. Содан бері олар пәтерлерін жиһаздап та, мұнда қойылған дүниелерді орындарынан қозғап та көрген емес. Бәрі сол баяғы қалпында, тұрған жерінде.

Бұл үйге қонақ та келмейді. Ал зәуімде Андрюшаны іздеп келген балалар мұнда кіргенде аса еркінсі алмай тыныштала қалады.

Рас, соңғы үш-төрт жыл ішінде мұнда Александр Леонтьевичтің бұрынғы жолдастарының бірнешеуі болды. Олар кезінде сталиндік қуғын-сүргінге түсіп, көп қиындық көрген жандар еді. Сталин қайтыс болғаннан кейін – өне оның майлы қаламмен жазылған Генералиссимус киіміндегі суреті қабырғадағы алтын жалатынған рамада ілулі тұр – олар лагерьлер мен түрмелерден босап, айдауда жүрген жерлерінен қайтып оралды. Ондай қауіп кезінде Александр Леонтьевичке де төнген, бірақ құдай оңдап ол әлгілер көрген азаптан аман қалды.

Кейде оның айдаудан қайтқан жолдастары оған телефон соғып қояды. Егер солардың бірі “мен Александр Леонтьевичтің бұрыннан білетін жолдасы едім”, немесе “онда менің жеке шаруам бар еді” десе болды, олардың қай-қайсысына да жол ашық. Онисимовтің хатшылары олар жөнінде бірден хабарлауы керек. Ал, әлдебір себеппен ондайды хабарлай алмай қалса, онда қызметкердің қып-қызыл пәлеге қалғаны. Бірде Серебрянниковтің Онисимовке телефон соққан сондай бір кісі жөнінде ол мәжілісін бітіргеннен кейін хабарлағаны үшін әжептәуір-ақ таяқ жегені бар.

Бірақ ондай телефон соғушылар онша көп емес-ті. Ал хабарласқан кісімен Онисимов жұмысының бәрін былай қоя салып, ақ-жарқын амандасып, аса жылы лебізбен жай-жағдайын сұрастыратын, күнтізбені ақтарып отырып, бір кешті белгілеп, үйіне шақыратын. Телефонмен сөйлесу барысында тіпті ең сезімтал, неше түрлі қайғы-қасірет пен кемсітушілікті бастан кешірген адамның өзі де оның үнінен мысқалдай да төрешілдік нышанын байқай алмайтын. Келген кісімен түн ортасы ауғанша отырып, өткен-кеткеннің бәрін еске түсіріп, емін-еркін әңгіме-

лесетін. Және міндетті түрде әлгі кісіге қандай да бір жақсылық жасауға – жұмысқа орналастыруға, үй алуға немесе зейнетақы алуға көмектесуге тырысатын.

Сосын тағы да Онисимов үйінің дағарадай үлкен бөлмелері ұзақты күндер мен түндер бойы қаңырап бос тұрады. Үстелді жағалай қойылған қаншама орындық әйтеуір бір көңілді отырыстың көркі болмай-ақ кетті. Тіпті Онисимовтің слуге толған күні де мұнда ешкім шақырылған жоқ, пәтер тыныштығы бұзылған жоқ. “Өте салқын, мұздай үй”, – деді бірде өз үйі жөнінде Андриуша Диккенстен оқығанын есіне түсіріп. Әкесін ол “ұлы үндемес” деп атайды. Тек демалыс күндері ғана от басы қосылады, онда да тек тамақ үстінде ғана, бірақ соның өзінде де ортақ әңгіме туып жарытпайды. Әкесі кейде қалжыңдаған болады. Тек анда-санда ғана әлде бір қызық әңгіме айтып, бірдеңелерді есіне түсіріп, ашылып кететіні бар.

Қазір ол, әдеттегісінше, жалғыз өзі тамақтанып отыр. Әйелі кешірек келеді, ал бұл түскі дәл бір жарым кезінде үйінде болады. Министрліктер мен комитеттердегі таңертеңгі төрт-бестерге дейін отыратын заман өткен – өйткені ұйқысыздыққа шалдыққан Сталин солай жұмыс істеуші еді, сондықтан үкімет аппаратының жұмысы да соған бейімделген болатын. Онисимов ол кездері түскі тамағын кешкісін, ал кешкі тамағын келесі күні ішетін. Ол өзінің бұл күйі Ұлы Фридрих патшаның әдетіне ұқсайтынын айтып үй ішін күлдіргені де бар. Ал қазір айрықша нұсқау бойынша қызметте тиісті сегіз сағаттан артық қалуға болмайды. Қашанда белгіленген тәртіпті берік ұстанатын Онисимов оған да көнді, бірақ жұмыстан елдің ең соңынан қайтып жүрді. Ал қолы бос кешкі сағаттар ол үшін нағыз азапты сағаттар болып көрінетін, сондықтан кеңсенің талай қағазын үйіне апарып қарайтын.

Ал бүгін ол үйіне ешқандай қағаз әкелмейді. Өйткені осы отырысында Комитеттегі соңғы сағаттарын өткізіп қайтты. Қызметкерлерімен де қоштасты. Істі оның орынбасары қабылдап алды. Ал Комитет басшысы болып әзірге ешкім тағайындалған жоқ. Бұл да сірә, тым таяп қалған қайта құрудың белгісі болуы керек. Сол қайта құруды қазірдің өзінде өнеркәсіпті басқарудағы түбегейлі өзгеріс деп атап жүр. Онымен айналысатын арнаулы

комиссия да құрылды. Ол комиссия қазір тиісті ұсыныстар дайындап жатыр. Ал Онисимовті ол комиссияға ешкім кіргізген де, шақырған да жоқ. Ол аз болғандай оны тіпті өнеркәсіптен қуып шықты. Неге? Неге сөйтті бұлар?

Ол алдындағы тамағының суып бара жатқанын енді ғана есіне түсірді. Дірілдеген саусақтарымен қасығын аузына апарды. Бірақ тамақ дәмін ешқандай сезген жоқ. Әйтеуір жұту керек болған соң қылғытып жұта берді.

Алдына алжапқыш байлап, басына ақ орамал тартқан үй шаруасындағы Варя анандай жерде тұр. Үй иесін сырттай бақылау үстінде. Ол жұмыс күндері Александр Леонтьевичтің асығыс тамақтанатынын біледі. Біріншісін ішіп болғанда екіншісін әкелуге дайын тұруы керек. Таңертең де асығыс. Өзі де жедел Варяны “тезірек, тезірек” деп тақымдаумен болады. Түскі тамақтан кейін он бес минуттай қисайып алады. Тура он бес минуттан кейін Варя есікті қағуы керек. Орнынан жедел тұрып жұмысына жөнеледі. Кей кештері үйіне асығыс келіп, киімін ауыстырып кнеді де әлдесбір жиынға немесе қабылдауға кетеді. Бірақ қанша асығып тұрса да шешкен киімін қалай болса солай тастай салмайды, міндетті түрде орнына апарып іліп қояды. Және Варя Онисимовті Андрияша құсап үндемес деп те айта алмас еді. Оған кофе дайындауды да, бабына келтіріп шай демдеуді де үйреткен осы Александр Леонтьевич. Жұмысынан келгенде Варяға қалайда бірнеше жылы сөз айтып өтеді.

Ал бүгінгі мінезі тіпті басқаша. Тамағын асықпай ішіп отыр. Көжесін бір-ескі ұрттап алады да ойға кетеді. Жаңа Варяға: “Енді сағатқа қарап уақытты қадағалаудың да, он бес минуттан кейін есікті қағудың да қажеті жоқ”, – деп бір қойды. Содан кейін: “Таяуда жаңа бір патшалыққа барып мольнан дәм алатын боламын”, – деп қалжыңдады.

Иә, бүгіннен бастап ол енді өнеркәсіппен айналаспайды. Жанындай жақсы көретін ауыр индустрияны да қояды. Оның енді ешкімге керегі жоқ. Ертеңнен бастап Сыртқы істер министрлігіне барады, бұрын айналысып көрмеген жаңа қызметке дайындалады. Ал бүгін оның қолы бос, тіптен бос. Неге бұлай болып кетті? Қалайша осындай күйге түсті?

Иә, ол Орталық партия Комитеті комиссиясының мәжілісінде өз пікірін айтты. Өнеркәсіпті басқару ісін